

Дамуов Н.Г¹, Мухамбетжанова А.У¹, Базарғалиев Г.Б¹, Кенгесбаева Т.О.¹

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Атырау, Қазақстан

ЖОО-ДА КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ПРОЦЕСІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АКТ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа

Мақалада бүгінгі жаһандық деңгейдегі ақпараттандырудың көкейкесті мәселелерінің бірі - ЖОО-да кәсіби даярлау процесінде болашақ мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі көтерілген. Авторлар зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми-теориялық әдебиеттерге, зерттеу жұмыстарына жан-жақты талдай отырып, оның психологиялық астарларын қарастырған. Оның ішінде бүгінгі күні тұрғысынан кәсіби даярлау процесінде болашақ мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыруда туындап отырған өзекті мәселелерін, әсіресе ақпараттық-коммуникациялық технология құзыреттілігі құрамын жете аша отырып, құзыреттілікті психоәлеуметтік сапа ретінде орнын, яғни адамның кәсіби және жеке саладағы жетістіктерін қамтамасыз ететін қабілетіне жете берілген. Сонымен қатар ЖОО-да болашақ мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған оқу процесі білім алушылардың танымдық белсенділікті жандандыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзін - өзі дамытуға дайындық пен ұмтылысқа ықпал ететін ақпараттық-коммуникациялық технологияға құрылған білім беру ортасы болуы қажеттігін тұжырымдалған..

Түйін сөздер: ақпараттық-коммуникация технология, болашақ мамандардың АКТ құзыреттілігі, компьютер, жаһандық ақпараттандыру, АКТ сауаттылық, АКТ құзыреттілік

Дамуов Н.Г¹, Мухамбетжанова А.У¹, Базарғалиев Г.Б¹, Кенгесбаева Т.О.¹

¹Атырауский государственный университет им.Х.Досмұхамедова
(Атырау, Қазақстан)

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ИКТ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ В ПРОЦЕССЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ В ВУЗЕ

Аннотация

В статье затронута одна из актуальных проблем современной глобальной информатизации - формирование ИКТ компетентности будущих учителей в процессе профессиональной подготовки в вузе. Авторами всесторонне проанализирован научно-теоретическая литература, исследовательские работы по теме исследования, раскрыт ее психологические аспекты. В том числе, с точки зрения сегодняшнего дня в процессе профессиональной подготовки специалистов раскрываются актуальные проблемы формирования ИКТ-компетентности будущих учителей, особенно более шире освещен состав информационно-коммуникационной компетентности, место компетентности как психосоциального качества, способного обеспечить достижения человека в профессиональной и личной сфере. Также сделано утверждение, что учебный процесс в вузе, направленный на формирование ИКТ компетентности будущих учителей, должен быть обеспечен образовательной средой, способствующей активизации познавательной активности обучающихся, развитию творческих способностей, подготовке и стремлению к саморазвитию..

Ключевые слова: информационно-коммуникационная технология, ИКТ компетентность будущих специалистов, компьютер, глобальная информатизация, ИКТ грамотность, ИКТ компетентность

Damuov N.G¹, Mukhambetzhanova A.U¹, Bazargaliev G.B¹, Kengesbaeva T.O.¹

^{1,2,3,4} H.Dosmukhamedov Atyrau state University
Atyrau, Kazakhstan

CURRENT ISSUES IN THE FORMATION OF ICT COMPETENCIES OF FUTURE TEACHERS IN THE PROCESS OF PROFESSIONAL TRAINING AT UNIVERSITIES

Annotation

The article deals with one of the urgent problems of modern global Informatization - the formation of ICT competence of future teachers in the process of professional training in higher education. The authors comprehensively analyzed the scientific and theoretical literature, research papers on the research topic, and revealed its psychological aspects. In particular, from the point of view of today in the process of professional training of specialists, the current problems of forming the ICT competence of future teachers are revealed, especially the composition of information and communication competence, the place of competence as a psychosocial quality that can ensure human achievements in the professional and personal sphere are more widely covered. It is also stated that the educational process at the University, aimed at forming the ICT competence of future teachers, should be provided with an educational environment that promotes the activation of cognitive activity of students, the development of creative abilities, training and the desire for self-development.

Keywords: information and communication technology, ICT competence of future specialists, computer, global Informatization, ICT literacy, ICT competence.

Қазіргі кезде біздің елімізде және әлемдік деңгейде жүріп жатқан кең көлемдегі қоғамды ақпараттандырумен байланысты білім беру жүйесін жаңару процесі жоғары оқу орындары кадрларын даярлаудың жаңа тәсілдерін әзірлеуді талап етуде.

Егер соңғы кезге дейін білім беруді ақпараттандырудың негізгі проблемасы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жабдықталуымен байланысты болса, бүгінгі күні компьютерлік техниканы білім беру ұйымдарына жеткізу кезеңі аяқталды деп айтуға болады және нәтижесінде жаңа проблема туында отыр - ол тек компьютерлік технологияларды жақсы меңгерген оқытушылар құрамының жетіспеушілігімен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып оқыту әдістемесін меңгергендердің аздығы. Осыған байланысты болашақ мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының оқытушылары үшін таңдалған саладағы (математика, химия, биология және т.б.), педагогика мен психологиядағы іргелі білімге ғана емес, сонымен қатар жалпы мәдениетке негізделген оның ішінде, ақпараттық дайындық өте өзекті болуда, яғни. ақпараттық-коммуникациялық технологияларға мұқият дайындық қажеттігі басты мәнге ие.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мамандардың АКТ құзыреттілігін қалыптастыру бойынша білім беру жүйесіне қатысты жоғары мектепте білім беруді ақпараттандыру, педагогикалық қызмет шеберлігін бастаудың алғашқы тәжірибелері, ақпараттық-коммуникациялық технология мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстары тәжірибесі кеңінен орын алуда.

Информатика және АКТ саласындағы мұғалімдерді даярлау, пәндік салада АКТ құралдарын пайдалану проблемаларына арналған С. А. Бешенков, Т. А. Бороненко, В. А. Бубнов, И. Б. Готская, С.Д., Қаракозов, А. А.Кузнецов, В. Л. Матросов, и.в. Роберт, Н. И. Рыжов, Е. К. Хеннер зерттеулері орын алған. Сонымен қатар болашақ мамандарының ақпараттық технологиялар негізінде түйінді құзіреттілігін дамыту мәселелерін әр қырынан зерттеген отандық ғалымдар: Ж.А.Қараев, М.Ж.Жадрина, Н.А. Асанов, А.Ж. Қайдарова, А.Қ.Құсайынов, Қ.Г.Құдайбергенова, Е.Ш. Қозыбаев, Н. Катаев, Қ.М.Нағымжанова, А.Қ.Рысбаева, Б.А.Тұрғынбаева, Амирова А.С. және т.б.[1,2].

Жаһандық ақпараттандыру - бұл бүгінгі күн шындығы және одан тыс қоғам қызметінің бірде-бір саласы дамуы мүмкін болмауда. Білім алу және оларды жаңарту процесі қажет болған жағдайда үздіксіз өздігінен білім алу, қашықтықтан оқыту арқылы шешілуде. Оған ақпараттық технологиялардың дамуы ықпал етуде және ол өз кезегінде, онымен жұмыс істеу білімі мен дағдыларына ие маманды талап етуде.

Болашақ мұғалім ақпаратты сақтау, өңдеу және беру құралдарымен қаныққан қоғамда өмір сүруге және белсенді әрекет етуге дайын болуы керек; қоғамды ақпараттандыру процестеріне әсер етуге, жаңа ақпараттық технологиялардың орасан зор мүмкіндіктерін мағыналы, мәдениетті пайдалана алуы қажет. Сонымен қатар жаңа буын мұғалімдері белгілі бір пәнді оқып үйренудің мазмұны мен мақсатына толық сәйкес келетін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды шебер тандап, қолдана білуі тиіс.

Педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектеріне қойылатын мұндай талаптар оқу жоспарына жаңа пәндерді енгізу қажеттігін тудырды, мысалы, мектептегі әр түрлі пәндердегі (математика, тарих, физика және т.б.) ақпараттық технологиялар, білім берудегі заманауи

ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ғылым мен білімдегі компьютерлік технологиялар және т.б.

Нәтижесінде пән мұғалімі, менеджер (директор, директордың орынбасары) және т.б. білім беру қызметкерінің кәсіби сауаттылығын анықтауда сапалы жаңа параметр анықталды. Әдеби дерек көздерінде бұл параметр үшін «ақпараттық құзыреттілік», «компьютерлік құзыреттілік» немесе «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы құзыреттілік» (АКТ құзыреті) пайда болды. Көпшілік ғалымдардың тұжырымдауына, соңғы термин ұғымның мазмұнын толық ашып тұр, өйткені онда қолданылатын терминологияның мәнін толығырақ бейнелейтін кілт сөздердің болуы.

Болон процесін іске асыру формальды білімнен жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі құзыреттілік парадигмаға көшуді интеграциялауды қамтамасыз етуде.

Алғаш рет жеке тұлғаның құзыреттілігі мәселесі ЮНЕСКО-ның XXI ғасырға арналған білім беру жөніндегі Халықаралық Комиссиясының баяндамасында көрсетілген, онда Ж.Делор жеке тұлғаның келесі құзыреттіліктерін тұжырымдады: тани білу, жасай білу, бірге өмір сүруді үйрену және өмір сүруді үйрену. Берндегі симпозиумда (1996) құзыреттер: саяси және әлеуметтік; көп мәдениетті қоғамдағы өмірмен байланысты құзыреттер; коммуникативтік коммуникабельділік ретіндегі құзыреттер нақтыланды; қоғамды ақпараттандыруды дамытумен қамтамасыз етілген құзыреттер, сондай-ақ жеке адамның өмірін қамтамасыз ететін әлеуметтік және кәсіби қабілеттер. Кейінірек ғылыми қауымдастық бұл мәселені зерттеуде мұғалімнің жеке басын қалыптастыруға құзыреттілік тәсілінің маңызды рөлін алды [2].

Б.Д. Элькониннің анықтамасы бойынша құзыреттілік - бұл жеке тұлғаның іс-әрекетке қосылу кезінде көрініс табатын біліктілік сипаттамасы. Н.А.Мореваның пікірінше, құзыреттілік дегеніміз - белгілі бір саладағы білім мен тәжірибе. Құзыреттілік - бұл тұлғаның жеке мүмкіндіктері, оның біліктілігі (білімі мен тәжірибесі), оған шешімдердің белгілі бір спектрін жасауға қатысуға немесе белгілі бір білімі мен біліктілігіне байланысты мәселелерді өзі шешуге мүмкіндік беретін тұлға ретінде анықталады [3].

Жалпы зерттелген мәселелерге көзқарастарды талдау психологтардың "құзыреттілікті" психоәлеуметтік сапа ретінде қарастыратындығын атап өтуге болады, яғни адамның кәсіби және жеке саладағы жетістіктерін қамтамасыз ететін қабілет. "Құзыреттілік" ұғымының әлеуметтанулық және педагогикалық аспектісі дүниетанымдық пайымдардың жетілуін қамтамасыз ететін әлеуметтік-кәсіби қызметтегі белгілі бір кәсіби тәжірибемен байланысты. Сонымен қатар кейбір ғалымдар бұл ұғымның ең алдымен, белсенділік сипаттамасына ие екендігін атайды, өйткені білім беру саласына қатысты құзыреттілікті «екі іс-әрекеттің (қазіргі - білім беру және болашақ - практикалық) арасындағы белгілі байланыс» деп санауға болады [6]. Осы берілген көзқарастарды келе, келесі анықтамамен келісуге болады: «АКТ - құзыреттілік - бұл тұлғаның ақпараттық, коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқу, күнделікті және кәсіптік міндеттерді шешу қабілеті» [2,3].

В.А.Сластениннің пікірінше, "мұғалім жұмысының кәсіби шешуші белгісі болып - кәсіби-педагогикалық бағыттылығы болып табылады". Ресейлік мамандар(Ершов А.П., Извозчиков В. А., Каймин В. А., Машбиц Е. И. адамның информатика және есептеу техникасы әлеміне енуінің үш деңгейін атап көрсетеді: компьютерлік хабардарлық (ЭЕМ-мен алғашқы танысу), компьютерлік сауаттылық және ақпараттық мәдениет [4].

Ақпараттық құзыреттілікті зерттеуші М.А. Винницкая, С.К. Баймухамедова, М.Ж. Дюсемалиевалардың көзқарастарын басшылыққа ала отырып, ақпараттық-коммуникациялық технология құзыреттілігін төрт құрамдас бөлік ретінде қарастырады, олар: функционалдық құзыреттілік, өзара әрекеттесу құзыреттілігі, зерттеу құзыреттілігі және ашықтық құзыреттілігі. Функционалды құзыреттілік-бұл ақпаратты басқару және шешім қабылдау үшін пайдалануы [5].

Өзара әрекеттесу құзыреттілігі жұмыс процесін жақсарту және тиімділікті арттыру үшін әртүрлі мамандар арасында ақпарат алмасуды білдіреді. Өндіріс қызметінің барлық түрлері туралы тікелей ақпарат алмасу проблемаларды жою және өзгерістерге бейімделу үшін қажет. Зерттеу құзыреттілігі ақпараттық технологиялар мен қызметтердің даму тенденциялары туралы ақпарат жинауды, жаңа интеллектуалды өнімдер шығаруды және осы ақпаратты тиімді талдау үшін бағдарламалық жасақтаманы әзірлеуді қамтиды. Ашықтық құзыреттілігі маманға нарықтар мен салалар бойынша бәсекелестік жағдайларын өзгерте алатын жаңа өнімдер мен қызметтерді құруға көмектесетін инновациялық перспективалар мен идеяларды іздеу үшін уақтылы білім алуға мүмкіндік береді.

Осыған орай, біздіңше, ақпараттық-коммуникациялық технология құзыреттілігі құрамын мынадай құрылымдық элементтер құрайды:

- техникалық, бағдарламалық құралдар мен ақпарат саласында білім, білік пен дағдыларды алуға деген уәждеме, қажеттілік және қызығушылық;

- іздестіру-танымдық қызметтің ақпараттық негізін құрайтын қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-техникалық білімдердің жиынтығы;

- бағдарламалық қамтамасыз ету және техникалық ресурстар саласындағы іздеу-танымдық қызметтің тәсілдері, операциялық іс-әрекеттері және оң тәжірибесі;

- "адам-компьютер" жүйесінде толыққанды диалог жүргізе білу.

Қазақстандық ғалым Амирова А.С. болашақ бастауыш сынып мамандарының ақпараттық технологияны пайдалануға бейімделген кәсіби дайындығының жүйесін келесі мазмұнда қарастырады:

а) психологиялық дайындық, яғни педагогикалық қызметтегі ақпараттық технологияны пайдалануға бағытталған әртүрлі дәреженің қалыптасуы мен осы білім аймағында өз білімін жетілдіру қажеттілігімен компьютермен жұмыс істеу қызығушылығының бар болуы, кәсіптік ойлау қабілетін дамыту;

б) ғылыми-теориялық дайындық, яғни педагогикалық оқу орындарында ақпараттық технологияны пайдалану жағдайында кәсіби қызмет үшін қажет арнайы білім мен психологиялық-педагогикалық біліктілік қажет;

в) практикалық дайындық, яғни ақпараттық технологияны пайдаланудың кәсіби іскерлігі мен біліктілігінің деңгейіне қойылатын талаптардың қалыптасуы;

с) психологиялық және физикалық даярлығының белгілі бір мамандығы бойынша педагогикалық қызметті игеру үшін сәйкес алғы ерекшеліктері бар болуы, жеке тұлғаның кәсіби мәнді сапасының қалыптасуы, ақпараттық қоғам жағдайында педагогикалық қызмет етуге болашақ маманның денсаулық жағдайы мен физикалық даму талаптарының сәйкестігі [2].

А.Р.Вербицкийдің тұжырымдауына, психология жиі себептердің екі тобына бөлінеді, яғни танымдық себептер және жетістікті себептер. Оқу-танымдық және ғылыми-зерттеу қызметтеріндегі бірінші топқа ішкі себептерді жатқызса, екінші топқа – мақсатқа жету үшін студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін жатқызған. Бірінші жағдайда студентті оқу-танымдық және ғылыми-зерттеу қызметі үдерісінің өзі қызықтырса, екіншісінде сол жеткен жетістіктерге қандай баға берілгендігі жайлы қызығушылық туады. Табысқа ұмтылу және сәтсіздіктен қашу – жетістікке жету себебінің негізі, – дейді [5].

Психология ғылымында тұлғаның іс-әрекеттік негізгі сипаттамалары заттылық пен субъектілік болып табылады. Заттылықтың өзіндік ерекшелігі сыртқы әлемнің объектілері субъектіге тікелей емес, іс-әрекет үдерісінің барысында өзгертілетін күйінде әсер етуінде. Заттылық бұл адамның іс-әрекетіне ғана тән және ең алдымен тіл, әлеуметтік рөлдер, құндылықтар ұғымдарында көрінуден байқалатын сипаттама. Субъектілік дегеніміз – адамның өзі белсенділігінің, сыртқы әлемді, ақиқат дүниені өзгертудің қайнар көзі екендігін білдіреді. Субъектілік іс-әрекеттің тұлғалық мағынадағы бағытылығы мен таңдаулылығын анықтайтын (яғни адамның өзіне іс-әрекеттің маңыздылығын) пейілдер, қажеттіліктер, түрткілер, бағдары, қатынастарынан және мақсаттарынан байқалады. Біздің пікірімізше, психологиялық тұрғыдан ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың орасан зор мүмкіндіктері танымдық, жетістіктік себептерін және тұлғаның жалпы іс-әрекеттік сипаттамаларын қанағаттандыра алады. Сол себепті кәсіби даярлау процесінде болашақ мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру -кезек күттірмейтін мәселе.

АКТ саласындағы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – бұл базалық компьютерлік сауаттылықтың болуы, олардың пәндік аймағында негізгі ақпараттық білім беру ресурстарымен танысу, оларды қолдана білу және өзінің ақпараттық білім беру ресурстарын дамыту мүмкіндігі, пәндік саланы оқытуда АКТ-ны қолдану әдістемесін білу.

АКТ – құзыреттілікті дамыту ақпараттық технологиялар саласындағы құзыреттілікті ғана емес, жалпы білім беру қызметкерінің тұтастай кәсіби сауаттылығын (ақпараттық, дизайн, бақылау және бағалау, ұйымдастырушылық, коммуникативті) арттырады.

Заманауи білім беру маманының АКТ құзыреттілігінің көрсеткіштері болып табылатындар:

- білім беру жүйесінің әлемдік ақпараттық процестерге қатысуы туралы хабардар болу;

- ақпараттың дерлік шексіз көлеміне тиімді қол жетімділікті игеруге дайындық және осы ақпаратты аналитикалық өңдеу;

- инновациялық педагогикалық нәтижелер алу, сонымен қатар өздерінің ақпараттық ортасын құру мақсатында қазіргі ақпараттық ортада педагогикалық идеяларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін жеке шығармашылық қасиеттерін қалыптастыру мен дамытуға ұмтылу;
- коммуникативті мәдениеттің жоғары деңгейінің болуы (оның ішінде ақпараттық ақпарат құралдары арқылы байланыс), диалог режимінде жүзеге асырылатын ақпараттық өзара әрекеттесуді ұйымдастырудағы теориялық идеялар мен тәжірибе;
- ақпараттық өзара іс-қимылдың барлық субъектілерімен бірлескен ақпараттық өзара әрекеттесуге дайындық, ғылыми және әлеуметтік тәжірибені дамыту, бірлескен рефлексия және өзіндік рефлексия;
- ақпаратты қабылдау, таңдау, сақтау, көбейту, ұсыну, тасымалдау және интеграциялау мәдениетін игеру (соның ішінде таңдалған тақырып аясында);
- үнемі өзгеріп отыратын ақпараттық қоғамда (телеконференциялар, қашықтықтан оқыту) өмір бойы білім беру жағдайында қазіргі заманғы интерактивті ақпараттық технологияларды кәсіби өсудің маңызды аспектісі ретінде пайдалануға дайын болу;
- ақпараттық-білім беру ортасын модельдеу және жобалау және өзінің кәсіби қызметінің нәтижелерін болжау мүмкіндігі [6-7].

Мұғалімнің ақпараттық құзіреттілігінің динамикасын зерттеу оның құрылымы мен мазмұны тарихи және жеке тұлға тұрғысынан үздіксіз дамып, жетілдірілетіндігін көрсетті. Жеке қарастырғанда ақпараттық-коммуникациялық құзіреттілік жаңа ақпараттық технологиялардың пәндік саласында жүзеге асырылатындықтан, адамның үздіксіз білім алуы (оқыту, өздігінен білім алу, біліктілікті арттыру) процесінде кезең-кезеңімен дамиды.

Педагогтің акт-құзыретін арттыру есебінен біртіндеп: жаңа білім беру мақсаттары іске асырылатын болады. Жоғары деңгейде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану мүмкіндігі -білім беру процесін ұйымдастыру шеңберіндегі жаңа формалар, қазіргі білім беру қызметі шеңберіндегі мазмұн.

Мұғалімнің АКТ сауаттылығы мен АКТ құзыреттілігі сияқты ұғымдарды ажырату маңызды. Мәселен, АКТ-сауаттылық деп бағдарламалық өнімдермен және компьютерлермен жұмыс істеу негіздерін, олардың базалық функционалын, Интернет желісіндегі жұмыс туралы жалпы ұғымды білу ғана түсініледі. Ал АКТ -құзыреті шеңберінде бір білім жеткіліксіз. Бұл белгілі бір ақпараттық құралдарды нақты қолдануды, оларды оқу процесіне енгізуді қамтиды.

АКТ-құзыреттілігі ұғымының басты аспектілері:

- АКТ -да өмір саласы ретінде жеткілікті функционалдық сауаттылық;
- АКТ-ны кәсіби міндеттерді шешу үдерісіне де, сондай-ақ білім беру жұмысы шеңберінде де негізді енгізу;
- АКТ-ны ақпараттық қоғамның субъектілері ретінде білім алушыларды дамытуға бағытталған, жаңа білімді құруға қабілетті, жаңа зияткерлік және белсенді нәтиже алу үшін ақпарат массивтерімен жұмыс істей алатын білім берудегі жаңа парадигманың негізі ретінде түсіну.

Қорыта айтқанда, жоғары білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – осы заманғы ақпараттық – коммуникациялық технологияларға негізделген, барынша сапалы кәсіптік білім беру арқылы біліктілігі жоғары және бәсекелестіктің мықты тегеурініне төтеп бере алатын мамандарды даярлау үдерісін жоғары қарқынмен жүргізу болып табылады. Қазіргі қоғамдық өзгерістердің қарқындылығы жаңа сипаттағы мамандарды қажет етуде және бұл мамандар үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық үдерістерді талдай білуге, нарықтық бәсеке жағдайына сай шешімдер қабылдап, жүзеге асыра білуге тиіс.

Болашақ мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру университеттегі оқу процесі танымдық белсенділікті жандандыруға және студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзін - өзі дамытуға дайындық пен ұмтылысқа ықпал ететін бүгінгі ақпараттық-коммуникациялық технологияға құрылған білім беру ортасында жүруі тиіс. Осыған сәйкес болашақ мамандарды білікті маман ретінде даярлау жүйесі одан әрі жетілдіруге дайын ашық жүйе ретінде жобалануы және жүзеге асырылуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Artamonova E.I. *Kompetentnostnyj podhod v formirovanii lichnosti pedagoga-professionala //Pedagogicheskoe obrazovanie i nauka. - 2008.-№10. -S.4-9.*
- 2.. Muldabekova K.T. *Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Алматы, 2014*

3. *Zimnyaya I.A. Klyuchevye kompetencii - novaya paradigma rezul'tata obrazovaniya //Vyshee obrazovanie segodnya. - 2003.-№5. - S.34-42.*
4. *SHustova V.M. Professional'naya kompetentnost' uchitelya // Pedagogicheskoe obrazovanie i nauka. - 2009.-№1. - S. 60-64.*
5. *Agmalova, A. F. Formirovanie informacionnoj kompetentnosti budushchih uchitelej informatiki / A. F. Agmalova. — Tekst : neposredstvennyj // Molodoj uchenyj. — 2013. — № 4 (51). — S. 504-505. — URL:*
6. *Dem'yankova M.V., Lozhkina L.I. Professional'naya kompetentnost' sovremennogo uchitelya kak psihologicheskaya problema// «Severnaya Dvina» №3, 2007.*
7. *Klimov E.A. Psihologiya professionala. – M.: MPSI, 2003.*